

**"Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің Қағидасы туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2017 жылғы 12 мамырдағы № 15/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 4201 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 49/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.04.2019 № 49/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Мамлют ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің Қағидасы туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6/1 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізбесінде 2012 жылғы 23 қазанда № 1908 тіркелген, 2012 жылғы 9 қарашадағы "Знамя труда" аудандық газетте, 2012 жылғы 23 қарашадағы "Солтүстік Жұлдызы" аудандық газетте жарияланған) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

Нұсқалған шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің Қағидасында (бұдан әрі – Қағида):

Қағиданың 3 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"3.Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі анықталды.";

Қағиданың 6 тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

"1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (қызмет алушының жеке басын идентификациялау үшін ұсынылады);";

Қағиданың 6 тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

"3) мекенжай анықтамасы немесе өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы  
мәслихатының сессия  
төрағасы*

*Д. Прелгаускас*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы  
мәслихатының хатшысы*

*Р. Нұрмұқанова*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы  
әкімдігінің жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*В. Артимович*

*2017 жылғы 12 мамыр*

*"Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданының  
тұрғын үй коммуналдық  
шаруашылығы, жолаушылар  
көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*Қ. Әмірін*

*2017 жылғы 12 мамыр*

*"Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы  
әкімдігінің экономика және  
қаржы бөлімі" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*А. Биктимиров*

*2017 жылғы 12 мамыр*